

егемен

Казакстан

## Өтімді өнім – өндіріс өрісі

Таяуда Қарағандыда «Қазақстанның үздік тауары» атты өңірлік байқау көрмесі өтті. Оған 60-қа тарта кәсіпорын өз өнімдерін қойды. Облыс әкімі Серік Ахметов көрмеге келушілермен кездесуде істің нәтижелі болуы көп жағдайда іскер топтар мен кәсіпкерлердің бастамашылығы мен белсенділігіне байланысты деп атағандай әсіресе, еліміз Кедендік одаққа енген шақта отандық бизнестің бәсекелестік қабілетті күшейте алуы аса маңызды. Соған ұмтылушыларға көмек-қолдау барынша көрсетілуде. Индустрияландыру бағдарламасы аясында іске асырылудағы 45 жоба өнім өндірушілерге, жабдықтаушыларға бұрын сонды болып көрмеген қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Бұл ретте бірінші кезекте сапасы жоғары заттар мен материалдарға жол ашық. Сол мүмкіндік ізденісті тереңдетуге міндеттейді. Көрме-конкурс болған соң жеңімпаздары аталмай қалмады. Оларды анықтау өнім сапасына, оның бірегейлігіне және бәсекеге қабілеттілігіне сүйелді. «Өндірістік бағыттағы үздік тауарлар» номинациясында сынасқан 28 кәсіпорын арасынан «Арселор Миттал Теміртау» АҚ 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. 2015 жылға дейін болат өндіруді жылына 6 миллион тоннаға жеткізуді көздеген компанияның өнімдері алысқа аяндығынан айнымай келеді. Ал «Тұрғындар үшін тауар» жеңімпазы атануға үміт артқан 16 кәсіпорын сапында «Сантехөндіріс» озық танылды. Тұрмыстық санитарлық-техникалық бұйымдарды шығаратын бұл зауытқа көрші мемлекеттерден тапсырыс әрдайым көп. Былтыр «Қазақстанның үздік тауары» көрмесінде «Шағын және орта бизнес саласындағы үздік экспорттаушы» атағын жеңіп алған кәсіпорын биыл наурыз айында Халықаралық экология академиясының «Таза экологиялық өнім» тізіміне енді. «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясында «Қарағанды конфеттері» АҚ көш басынан көрінді. Тәтті өнімдерімен атақ-даңқы ұзақ жылдардан бері танымал фабрика жылына 30 мың тонна кондитер бұйымдарын шығарады. Едәуір бөлігі Германиядағы, Италиядағы, Англиядағы, Португалиядағы фирмалық дүкендерде сатылуы Қарағанды кәмпитінің өтімділігі қандайлық екенін аңғартары анық. Сондай-ақ тағам және химия өнеркәсібі өнімдерін қалбырлауға қолданылатын ақ қабылтырды жалтырату, әрлеумен шұғылданатын «Ast Etalon Crown», диаметрі 16-дан 800 мм-ге дейінгі полиэтилен құбырларын шығаратын Қазақстан-Герман «Карал Plast», стадиондар мен спорт алаңдарына жасанды жасыл төсегіш жасайтын «Карат» және маргарин, май өндіретін «Евразиян Фудс» кәсіпорындары жүлделі орындарды иеленді. – Мұндай байқаулардың дәстүрлі түрде өткізіліп тұруы өндіріс саласына өте пайдалы. Тәжірибе толықтыруға, үлгілі істерді үйренуге септік етеді. Тау-кен және металлургиялық құрал-жабдықтарды шығаратын біздің кәсіпорнымыздың өз міндетіне жауапкершілігі жылдан-жылға биік. Сапа менеджменті бойынша зертхана қызметі өнімнің физикалық-химиялық қасиетін сынақтан өткізуде салалық зертханалар ішінде биыл міне, үшінші рет алдыңғы орыннан көрінді. Өніміміз сапасы оның сараптауына сай келуіне күш салынады. «Арселор Миттал Теміртау», «Қазақмыс» сынды алыптардың сеніміне ие болуымыз

іске үлкен медет, оны беріктіре бермекпіз, – дейді Шахтинск стандартты емес жабдықтар және кіші механизация зауытының директоры Мақсат Мұратбекова. Бұлардың сыртында облыс әкімінің арнайы «Сапа аумағындағы жетістіктері үшін» жүлдесі «Грел Қарағанды» ЖШС-іне тапсырылды.

Өнеркәсіптік автоматика кеңінен өріс алуына орай өлшеу-есептеу кешендерін жасап, шығаратын серіктестік заттары трансұлттық компаниялар сұраныстарын қамтамасыз етеді. Иә, бүгінде өндіріс өрлеу үстінде. Өтімді өнім соны тереңдетуде. Қазіргі Қарағанды аймағындағы іс-ізденістер соған негіз қалауда.

Айқын Несіпбай. Қарағанды.